

Филиал Общественного фонда  
"Фонд образования Нурсултана Назарбаева"  
Специализированный лицей  
«Арыстан»

Л.В. Фот, Ж.Т. Умерджанова, М.Ж. Терлікбаева,  
Ж.А. Исабекова, И.Л. Кирьянова, Д.Б. Досмурзина.

ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ  
ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
В СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОМ ЛИЦЕЕ "АРЫСТАН"

КОЛЛЕКТИВНАЯ МОНОГРАФИЯ

Варшава  
2015

---

УДК 373.1.02:372.8

ББК 81

*Печатается по решению Учебно-методического объединения «Языков и литературы» Филиала Общественного фонда «Фонд образования Нурсултана Назарбаева» Специализированный лицей «Арыстан» (протокол №4 от 5 декабря 2014 г.)*

**Рецензенты:**

С.С. Тауланов – доктор педагогических наук, доцент, начальник Специализированного лицея «Арыстан»

А.К. Насыбуллина – кандидат педагогических наук, координатор научно-методической работы Специализированного лицея «Арыстан»

**Авторский коллектив:** Л.В. Фот, Ж.Т. Умерджанова, М.Ж. Терлікбаева, Ж.А. Исабекова, И.Л. Кирьянова, Д.Б. Досмурзина.

Практическая реализация языковой политики Республики Казахстан в Специализированном лицее "Арыстан": [Текст]: коллективная монография / Л.В. Фот, Ж.Т. Умерджанова, М.Ж. Терлікбаева, Ж.А. Исабекова, И.Л. Кирьянова, Д.Б. Досмурзина. – «Warszawa: Diamond trading tour», 2015.- 48 стр.

ISBN: 978-83-65207-15-9

В настоящем сборнике представлены методические разработки учителей-языковедов, раскрывающие формы, средства и методы обучения лицеистов, направленные на развитие полиязычной коммуникативной компетенции учащихся в рамках реализации языковой политики Республики Казахстан.

Сборник предназначен специалистам-лингвистам, а также широкому кругу читателей, интересующихся проблемами полилингвального образования в школе.

© Специализированный лицей «Арыстан» 2015

© Л.В. Фот, Ж.Т. Умерджанова, М.Ж. Терлікбаева,

Ж.А. Исабекова, И.Л. Кирьянова, Д.Б. Досмурзина. 2015

© «Diamond trading tour»

ISBN: 978-83-65207-15-9

## СОДЕРЖАНИЕ

ПРЕДИСЛОВИЕ.....	5
<b>РАЗДЕЛ 1. ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА</b>	
1. Ф.ғ.к., Жанар Тоқтарбайқызы Умерджанова .....	7
<b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ</b>	
2. Терлікбаева Маржан Жақатайқызы .....	11
<b>ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҮШ ТІЛДІҢ КІРІГҮІ</b>	
3. Исабекова Жұлдыз Абайәліқызы .....	16
<b>«ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰЛТ БОЛУДЫҢ КЕПІЛІ</b>	
<b>РАЗДЕЛ 2. ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА</b>	
4. Фот Луиза Владимировна (доктор PhD).....	21
<b>ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ НА ОСНОВЕ ПРИНЦИПА ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ</b>	
5. Кирьянова Ирина Леонидовна.....	26
<b>ОБОГАЩЕНИЕ ЛЕКСИКИ ВОЕННОЙ ТЕРМИНОЛОГИЕЙ НА УРОВНЕ ТРИЯЗЫЧИЯ (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ В СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОМ ЛИЦЕЕ «АРЫСТАН»)</b>	
<b>РАЗДЕЛ 3. ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА</b>	
6. Dinara Baksikovna Dosmurzina.....	31
<b>WORD ORDER IN ENGLISH, KAZAKH AND RUSSIAN SENTENCES</b>	
<i>ПРИЛОЖЕНИЕ №1. РУССКО-КАЗАХСКО-АНГЛИЙСКИЙ СЛОВАРЬ ОСНОВНЫХ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ ДЛЯ ЛИЦЕИСТОВ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ЛИЦЕЯ «АРЫСТАН» .....</i>	<i>36</i>
<i>ПРИЛОЖЕНИЕ №2. КАЗАХСКО-РУССКИЙ СЛОВАРЬ ОСНОВНЫХ ВОЕННЫХ ТЕРМИНОВ И КОМАНД, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ В СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ (НА ПРИМЕРЕ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ЛИЦЕЯ «АРЫСТАН») ..</i>	<i>41</i>



---

## АННОТАЦИЯ

В настоящем сборнике представлены методические разработки учителей-языковедов, раскрывающие формы, средства и методы обучения лицеистов, направленные на развитие полиязычной коммуникативной компетенции учащихся в рамках реализации языковой политики Республики Казахстан.

Сборник предназначен специалистам-лингвистам, а также широкому кругу читателей, интересующихся проблемами полилингвального образования в школе.

## АНДАТПА

Бұл жинақта тілші мұғалімдердің лицеистерді оқыту тәсілдері мен әдістерінің түрлері, Қазақстан Республикасының тілдік саясатын жүзеге асыру аясында оқушылардың көптілді қарым-қатынас құзырлылығын дамытуға бағытталған әдіскерлік зерттемелері ұсынылған.

Жинақ маман тілшілерге, сондай-ақ мектептегі көптілде білім беру мәселелері қызықтыратын кең ауқымды оқырман қауымға арналған.

## SUMMARY

In the given miscellanea the teachers – linguists' guidance papers are presented. It discloses the forms, means and methods of teaching the lycee which is aimed at developing of the polylingual communicative competence of students in the framework of language policy of Republic of Kazakhstan.

This miscellanea is meant for linguists and also for reading public who is interested in the problems of polylingual education in schools.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

*Казахстан должен восприниматься  
во всем мире как высокообразованная страна,  
население которой пользуется тремя языками.  
Это: казахский язык – государственный язык,  
русский язык – как язык межнационального общения  
и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику.*  
**Назарбаев Н.А.**

Предлагаемая читателям коллективная монография является первым и пока единственным в своем роде научно-методическим трудом, созданным преподавателями Учебно-методического объединения «Языков и литературы» лицея «Арыстан». Наряду с другими учебно-методическими объединениями (УМО), данное объединение было создано по инициативе начальника лицея, генерал-майора запаса, доктора педагогических наук, доцента Тауланова Сабита Сауменовича всего 1,5 года назад и за этот непродолжительный срок доказало свою эффективность.

Учителя-языковеды (преподаватели казахского, русского и английского языков) основной целью работы своего УМО определили стремление к *«развитию полиязычной коммуникативной компетенции учащихся в рамках реализации языковой политики Республики Казахстан (в специализированном учебном заведении)»*. В течение года регулярно проводятся заседания УМО, предполагающие обмен педагогическим опытом, совершенствование в рамках преподавания языковых дисциплин существующих и внедрение новых форм, методов и средств обучения и воспитания. Совместными усилиями языковеды стремятся выработать систему мероприятий, способствующих успешному обучению лицеистов, обеспечивающих совершенствование уровня педагогического мастерства учителей-филологов, их компетентности в области преподавания учебных дисциплин в условиях обновления содержания образования и языковой политики страны.

Внимание авторов статей настоящего сборника обращено к наиболее актуальному вопросу в рамках языковой политики страны: поиск путей и способов реализации культурного проекта «Триединство языков», предложенного Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым. В связи с тем, что реализация данного проекта для современного Казахстана, несомненно, станет основным курсом становления нового полиязычного поколения казахстанцев, которые, владея несколькими языками, станут конкурентоспособными членами мирового сообщества, как в профессиональной сфере, так и в личной самореализации.

Приложением к настоящему сборнику является совместный труд учителей-языковедов, основанный на «принципе родного языка» и призванный решить ряд проблем, с которыми встречаются как ученики, так и учителя. Так, например, разработанный Словарь основных лингвистических терминов облегчает процесс изучения русского языка для казахоязычных ребят, казахский язык становится более понятен с опорой на родной русский язык, и, соответственно, изучение английского языка осуществляется через более близкий и понятный язык-посредник. Пред-

---

ставленный в приложении «Казахско-русский словарь основных военных терминов и команд, используемых в специализированных учебных заведениях (на примере Специализированного лицея «Арыстан» организован по принципу частотности употребления в нашем учебном заведении представленных в нем команд, рапортов и т.п. Цель настоящего словаря – сформировать и в дальнейшем обогащать трехязычное единство используемой военной лексики в специализированном учебном заведении.

Методические разработки, представленные в настоящей коллективной монографии научных статей, не претендуют на полноту и исчерпанность в освещении указанных лингвистических проблем и вопросов, но они способствуют освещению ряда актуальных вопросов в преподавании языковых дисциплин в школе и служат импульсом к активному научному общению и поиску.

*Руководитель УМО «Языков и литературы»  
Специализированного лицея «Арыстан»,  
преподаватель русского языка и литературы  
доктор PhD **Фот Луиза Владимировна***



**ф.ғ.к., Жанар Тоқтарбайқызы Умерджанова**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Арыстан» мамандандырылған лицейі

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Әрбір тілдің өмір сүруінің шарты – оның іс жүзінде қолданыста болуы, сол тілді қолданушы әлеуметтік топтың қажеттілігін өтеуі. Егер мемлекет көпұлтты болған жағдайда, тілдік саясат түрлі этностық топтардың қарым-қатынасында басымдыққа ие тілді жергілікті мемлекеттің тұрғын халқының тіліне қоса қолданады. Тілдің коммуникативтік қызметі саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік жағдайларға қатысты өрістейді, ұлтаралық қарым-қатынаста тұрақтылықты сақтау үшін билингвизм (көстілділік) ерекше мәнге ие болады.

Билингвизм – көстілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдарының психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы. Әсіресе, екі тілді қатар пайдаланатын өнер қайраткерлерінің шығармашылығына ерекше назар аударатын ғылыми бағыт [1, б. 509]. М. Әуезов те, Б. Момышұлы да, Г. Бельгер, С. Әшімбаев, С. Қирабаев та сондай тұлғалардың санатына жатады, олардың біраз шығармалары орыс және қазақ тілінде бір мезгілде жазылды. Уикипедиядан не энциклопедиядан, не сөздіктерден көптеген анықтамасын келтіруге болады, қысқасын айтқанда, көстілділік – саяси жағдайларға қатысты ана тілімен қатар екінші тілдің ресми үстемдікке ие болуы. Өндіріс саласында, халық ағарту саласында, халық шаруашылығының барлық саласында қызмет етуші түрлі ұлт өкілдерінің сұранысы мен талабына сай екінші тіл жергілікті халық тілімен тең қолданыста болады, кейде негізгі ұлт санының аз-көптігіне орай ресми тіл үстемдік алады.

Қазақстандағы билингвизм мәселесі кеңес өкіметі күшіне енген уақыттан басталады. Алдымен Алашорда үкіметінің басшылары қазақ тілінің мүддесін көтерді, бірақ саяси қыспақпен алфавит ауыстырылып, ұлттық жады өшірілді, араб алфавитіне негізделген әліпби латын әрпіне, 10 жыл өткен соң, ол кириллицаға ауыстырылды.

Коммунизмге жету үшін «бір тілде, бір партияда» болуды қалаған сталиндік саясат СССР-де тек бір тілдің, орыс тілінің, билік тұтқасы болуына жол ашты. Аз ұлттарды өз уысында ұстау үшін барлық дамыған мемлекеттердің отар елдерінде де үстем тіл жаулап алған мемлекеттің тілі болып, ұлттық құндылықтар жойылып, өзге елдің мәдениетін күшпен қабылдаттыратын саясат болған. Алдымен асауды ептеп жуасытып, тәттімен ноқталап, артынан ерттеп міну, өз дегенімен қамшымен жүргізу–мемлекет пайда болғалы келе жатқан салт.

Қазақстан Республикасында қостілділік саясаты 2009 жылдарға дейін гүлденіп тұрды, бірақ ресми тілдің қолданыс аясымен шектеліп қалмас үшін, әлеммен тек аударма арқылы емес, тікелей байланысқа түсу үшін «үштұғырлы тіл саясаты» енгізілді. Бұған саяси, әлеуметтік, жаһандану саясаты әсер етті. Себебі интерференция, интеркаляция процесі қостілді ортада қалыпты жағдайға айналды, ана тілі мен ресми тілде (официальный язык) қатар ойлау, араластыра сөйлеу күнделікті өмір көрінісінің бір бөлшегі. Тіл шұбарланды, ұлттық таным өзгерді, жастардың тәрбиесі басқа арнаға ауыса бастады. Ұлт жанашырларының дабылы тиісті орындарға жетті. Мемлекеттік ахуалды саясат пен экономикалық жағдай басқарады.

Әрбір ұлттық этникалық топтармен толеранттылықты сақтай отырып, қазақ тілінің де қолданылу аясы кеңейіп келеді. Әлеуметтік лингвистиканың жетік маманы, профессор Б. Хасанов «Қостілділіктің адамның үйлесімді дамуындағы рөлі орасан; өйткені, ол көпұлтты қоғамда жан-жақты дамудың және де өзін танытудың аса маңызды құралы» [2, б.13] – деп есептейді.

Қазақ тілінде білім беретін мектептер көбейді, өзге тілді мектептерде қазақ тілі бастауыш сыныптан бастап оқытылады. 1990 жылдармен салыстырғанда, Қазақстан халықтарының көпшілігі қазақ тілін сөйлей алмаса да, еркін түсінетін халге жетті. Мемлекеттік құжаттардың барлығы екі тілде толтырылады. Қазақ тілін тегін үйрететін курстар ашылды. Мемлекеттік тілді ана тілі және өзге этнос өкілдеріне екінші тіл ретінде үйретудің әдіснамалық, философиялық, психологиялық, әлеуметтік, дидактикалық, практикалық негіздері қалануда.

«Жеті жұрттың тілін біл» деп ұрпағына ұлағат қалдырған дана халқымыз адам көп тілді білген сайын көкірек көзі ашылып, әлемдік дамумен қатар өзін жетілдіретінін ерте сезінген. Көп тілді еркін меңгеру арқылы көп жетістіктерге жетуге болатындығына «Екінші ұстаз» атанған отырарлық ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби тұлғасы мысал бола алады.

Қазақстан халықтары әлемдік тіл деп танылған ағылшын тілін меңгеруді мемлекет бастамасымен қолға алды. Дүние жүзінің көп жеріне Қазақстан мемлекетін таныта білген Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазіргі жаһандану процесіне ілесу үшін халқымыздың ағылшын тілінде тікелей түсінісе алуына жол ашып, жағдай жасап отыр. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2013 жылғы Халыққа Жолдауында «Қазақ алфавитін 2025 жылдан бастап, латын графикасына көшіру үшін дайындықты осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпарат тіліне айналдырады» – деуі тәжірибеден туған ақиқат.

«Үштұғырлы тіл» дегеніміз – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің мемлекетте қатар қолданылуы, оқыту процесі мен коммуникативтік салада үш тілді меңгерген мамандарға жол ашу, аудармашысыз тілдесу.



Алфавитті ауыстыру мәселесінің қозғалуы орынды. Ағылшын тілі латын алфавитіне негізделген. Ал ағылшын тілі болса, Қазақстанда 1930 жылдардан бері шет тілінің бірі ретінде оқытылады. Оның үстіне, 1930-1940 жылдар арасында Қазақ КСР-нде латын графикасына негізделген қазақ жазуы қолданылды. Яғни, тарихи тәжірибеміз бар.

Қазірде социолінгвистика қалыптасқан тіл білімінің белсенді саласы ретінде бірнеше бағытта жұмыс істейді: жеке, тарихи, салыстырмалы, ингеренттік (айқын байқалмайтын тілдік құбылыстарды зерттейді), адгеренттік (тілдік қолданыс иесі сезінетін, анық байқалатын тілдік) құбылыстарды зерттейді.

Социолінгвистиканың негізі әдіс-тәсілдерін: анкета толтыру, интервью алу, анкета және интервью мәліметтерін талдау, әлеуметтік сұрау, статистикалық әдістерді қолдана отырып, «Арыстан» мамандандырылған лицейінің 9-11 сынып лицейестері аралығында лицейст Ш. Аубакиров екеуіміз мынадай нәтижеге қол жеткіздік: лицейестердің 65%-ы латын графикасына өтуді қолдайды, ал 5%-ы мүлде қарсы, ал 30%-ы осыған дейінгі мәдени мұраларымызды жаңа графикаға өткізудегі қиындықтарға алаңдаушылық білдірді. Бұл лицейде оқыту орыс тілінде жүргізіледі. Бірақ педагогтардың көпшілігі қостілді, лицейст қай тілді еркін меңгерсе, сол тілде ойын жеткізе алады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша қазақ тілін үйретуге арналған сағаттар жеткілікті. Былтырғы ҰБТ-дан лицейестеріміз қазақ тілінен өте жоғарғы балды жинады. Ағылшын тілін үйренуге деген құштарлық өте күшті. Үш тілде шығарма жаза алатын лицейестеріміз бар.

«Үштұғырлы тіл» саясатын көпшілік бірден толық қолдаған жоқ. Бірақ ғылым мен техника қай тілде басымдыққа ие болып отырғанын көрген Қазақстан жұртшылығы бұрыннан таныс-бейтаныс ағылшын тілін үйренуді бірінші сыныптың оқу бағдарламасына енгізіп отыр. «Атамұра» баспасынан шыққан көркем безендірілген оқу құралдары мен видеожазбалардағы сабақтар, интерактивті тақта мен оқытудың жаңа технологиясы ағылшын тілін үйренуді жеңілдетудің негізгі құралына айналуға.

6-7 жастағы бала үшін жат тілдегі алфавитті үйрену өте қиын, бірақ бұл сабақ оқушының құлағын басқа тілдегі сөздерге үйретуде, жеңіл, үнемі қайталанатын сөздер арқылы жаңа ұғымдарға баулуда. Дегенмен, 1-2-3-сыныпта оқушы жазуды, оқуды, ойын жеткізуді, төңіректі тануды үйренеді, ұлттық ана тілін меңгереді, танымы қалыптасады. Сондықтан ағылшын тілі қосымша пән ретінде оқытылса, санаға салмақ түспейді. Осыдан 30 жыл бұрын мектепте ағылшын тілі 4-сыныптан бастап оқытылатын, негізінен, сол пайдалы еді. Себебі бала барлық ғылымның бастауын ана тілінде меңгергені дұрыс. Назар аударатын бір мәселе бар, ол –латын графикасына көшсек, бала 3 тілді бір алфавит негізінде үйренеді де, екі алфавитті шатастырмайды.

Тәжірибеге сүйенсек, осы мақала авторының қызы екінші сыныпта оқиды. Бірінші сыныпта қызым ана тілінде оқуды тез меңгергенмен, жазуды әрең үйренді. Бірінші сыныптың ортасында «Әліппе» аяқталып, ағылшын тілі қосылды. Қызым ағылшын тілінің әріптерін екінші сыныпта оқыса да шатастырады. Ағылшын тілі аптасына бір рет жүргізіледі. Сол күні үйретілген сөздер мен оқытылған мәтінді бірге қайталаймыз. Егер қайталамасақ, ол ұмыта бастайды. Сыныптағы 24 баланың 10-ы «4» алса, 10-ы «3», қалғаны – «5». Сондықтан осындай қиындықты шешу үшін алфавит мәселесін реттеу керектігі туындап отыр.

«Үштілділік» мәселесі бірден шешіле салмайды. Тілді үйрену – өте күрделі.

---

Белгілі бір тілді меңгеру үшін практикада жиі қолдану керек және оны қолданатын орта қажет. Тілді үйренушінің тілді үйренуге деген пейілі мен ынта-ықыласы, табиғи бейімділігі де көп маңызға ие. Бәрінің басын біріктіретін – мемлекеттік қажеттілік, мемлекеттік мүдде. Дамыған, тәуелсіз Қазақстанның болашағы – үштұғырлы тіл саясатында. Қазақ тілін меңгертуді жақсарта отырып, орыс, ағылшын тілін үйрету – бүгінгі күннің талабы.

Көптілділік мәселесі – көпұлтты мемлекеттерге тән сипат. Мемлекет – біреу, оның құрамындағы ұлттар мен ұлыстар жүздеген болса, этностардың тілдерінің дамуына жағдай туғыза отырып, мемлекеттік тілді, ресми тілді және әлемдік тіл-ағылшын тілін үйретуді дамытудың жағдайы жақсартылады. Дүние жүзінің 60 - 70% ы латын графикасын қолданады, сол арқылы ағылшын тілін меңгерудің жолдары жеңілдетілген, біз де сол әлемнің бір бөлшегіміз. Дамыған 50 мемлекеттің көбінің негізгі тілі – ағылшын тілі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3.
2. Хасанов Б. Казахско-русское двуязычие. Алматы, 1987 жыл. 13-бет.



**Терлікбаева Маржан Жақатайқызы**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Арыстан» мамандандырылған лицейі

### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҮШ ТІЛДІҢ КІРІГҮІ

1. *Білекке сенген заманда*
2. *Ешкімге есе бермедік*
3. *Білімге сенген заманда*
4. *Қапы қалып жүрмелік*

– деген Абылай ханның сөздерінің жаны, мәні бар сияқты. Біз аса білімді, тапқырлық пен жаңашылдықты қажет ететін дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Уақыт көші жылжыған сайын заман, онымен қоса адам өзгеріске ұшырап жатады. Әр елдің негізгі тірегі – ата-бабалар дәстүрін жалғастырушы- өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен білімі – жарқын да, нұрлы болашақтың кепілі. Сол жас жеткіншектерді өмір айдынында жетеліп, шыңға шығуына демеу болып, қоғамда үйлесімді дамуының басты негізі – ата-ана және педагогтар қауымы екені баршаға мәлім. Ұстаз атаулының зымырап өтіп бара жатқан уақыттан, бәйгеге қосқан тұлпардай қалыспай, лайықты болу заман талабы. Оқу үдерісінің сапалы, тиімді болуы ұстаздарымыздың құзырлы болуында болса, құзырлы мұғалімге айналу үшін мемлекет көмегі, мұғалімнің батылдығы мен батырлығы, жақсы өзгеріске деген құлшынысы, ескіден аттай отырып, жаңаны қабылдай алуы қажет. Кез-келген мұғалімнің арманы, алдына қойған мақсаты – оқушысының белсенді, шығармашылықпен жұмыс істейтін, іздемпаз, жан-жақты, өздігінен өмір сүруге бейім, құзыретті болуы. Мұғалім әрдайым тек жеке бір пәнді оқытушы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны қалыптастырушы да болып табылады, сол себепті тәрбиесіз берілген білім қауіпті болмас үшін, тәрбиеге де аса мән берген жөн. Кеңестік дәуірден қалған сарқыншақтардан арылып, ұстаздарымызды жаңа кезеңге бейімдеп, шеберлігін шыңдау мақсатында мемлекет тарапынан, дамыған елдер тәжірбиесіне сүйене отырып, арнайы курстық бағдарламалар жасалынды. Өз ісінің шебер маманы – ол үнемі ізденгіш, өз ісіне шығармашылықпен қарайтын, өз жұмысын өте сүйетін және жақсы білетін әрбір жағдайларда шешімді жол тауып, жылдам да ұтымды қимыл-әрекет көрсететін

---

ұстаздар қауымы артуда.

Бүкіл әлемде білім берудің дамуына біршама қызығушылық танытуда. Бұл техника, компьютерлендіру, ғылыми-техниканың жетістіктерінің дамуына байланысты. Ол жаңа форматта білім беру, білім берудің барлық саласына да енгізілуде. Бәсекеге қабілетті, әлеуметтік және кәсіптік дамыған, заманауи білімді азамат қалыптастыруда мектеп – алғашқы баспалдақ. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы әскери мамандандырылған «Арыстан» лицейі – шәкірттердің білім алуға қызығушылығын, танымын арттыратын, өз мүмкіндігіне сенімді, рухани және физикалық көп күш-қуаттың ордасы екені күмәнсіз. Лицейдің «Тілер кафедрасының» алдына қойған мақсаты мен жүргізіп жатқан іс-шаралары заман талабына сай.

Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда. Елбасының үштұғырлы үштұрлытыл саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде аталған оқу ордасының да өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз.

Лицейде қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субъектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Өз іс-тәжірибемізде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Лицеистердің тілдік қабілеттерін арттыруына дидактикалық ойын арқылы жетуге болады деп ойлаймын. Ойын-бала өмірінің бір бөлшегі.

Ойынға балалар күшпен емес, өз еркімен қатысады. Дидактикалық, жағдаяттық, рөлдік ойындар, сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ, қызықты сұрақтар мен тапсырмалар арқылы тек танымдық қабілеттерін ғана арттырмай, есте сақтау ойлау, сөйлеу, талқылау, шешім қабылдауға, сөздік, анықтамалық, т.б. түрлі әдебиеттерді қолдануға да үйретеді.

Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б. түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Мәселен, «Мақал-мәтелдердің үндестігі»

салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, сыныбына орай күрделеніліп отырады. Бұл тапсырмада мақал-мәтелдерді тақырып бойынша табу, үш тілде аудармасын ұсыну, үндестігін табу.


Мақал-мәтелдер Тақырыбы	Қазақша	Орысша	Ағылшынша

Бұл жерде оқушылардың сөйлеу тілдері мен сауаттылықтарына назар аударылады. Ал осы тақырып бойынша қабілеті жоғары оқушыларға шығармашылық бағыттағы тапсырма «Мақал-мәтелдердің баламасын жаз» ұсынуға болады. Бұл жерде оқушылар өздері таңдаған тақырыпта үш-тілде мақал-мәтел ойлап, баламасын жазуға талаптанады. Шығармашылық бағыттағы тапсырманың бір түрі: «Тіл тағдыры ақындар жырында».

Қазақша	Орысша	Ағылшын	Үндестігі	Ерекшелігі

Бұл тапсырмалар оқушылардың ізденушілік әрекеттеріне, өз беттерімен білім алып, алған білімдерін ортаға салып, дәлелдеу дағдыларына түрткі болды. Ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерін дамытты. Пәнаралық байланыстың негізінде оқушылар әр пәннен алған білімдерін тоғыстыра отырып, өз мақсаттарына жете білуге дағдыланды.

Үштілділікті әдебиет сабағында да жүйелі түрде қолданып келеміз. Мәселен, әдебиет сабағында 9-сыныпта «Ертегілер» тақырыбын өткенде іздендіру-зерттеу бағытындағы тапсырма ұсынуға болады. Яғни, «қазақ ертегілері мен әлем халық ертегілерінің үндестігі» тақырыбы бойынша оқушылар салыстыру жұмысын жасап, тапқан деректерін топпен бірлесе отырып, үш тілде еркін баяндап беруге талаптанады. Үлгі:



Әдебиет пен тіл – рухани егіз пәндер болғандықтан, оларды бірлікте ала отырып жүргізген сабақтарда үштілділікті қолдану аясында оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, зерттеушілік әрекеттерін дамытып, салыстыру, талдау, дәлелдеу сынды дағдыларын қалыптастыруға түрткі болды. Сондай-ақ, үндестіктерін табу, салыстыру жұмыстары оқушылардың қызығушылығын оятты. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар: модель, презентация, жоба құру сынды бағытта да ұсынылып отырды. Бұл жерде олардың ақпараттық құзіреттіліктерін дамыту көзделді. Мәселен, 9-сынып

әдебиет сабағы. Ауыз әдебиеті тақырыбы бойынша оқушыларға «Ұлттық салт-дәстүрлер үндестігі» тақырыбында презентация жасау. Мұнда үш халықтың салт-дәстүрлерін салыстыра отырып, үш тілде еркін презентация арқылы қорғап шығу талап етіледі.

Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балаларды қазақша сөйлегіш үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Міне, осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай келуі керек. Осыған байланысты мәтінмен жұмыс істеуді түрлі әдістермен жүргізуге болады:

- интерактивті тақта арқылы;
- мұғалімнің кіріспе әңгімесі;
- мәтінді мұғалімнің оқуы;
- сөздікпен жұмыс жүргізу;
- мәтінді оқушылардың оқуы;
- мәтінді оқығаннан кейінгі қысқаша әңгіме өткізу;
- мәтінді бөліктерге бөле оқу;
- сұрақтарға жауапты мәтіннен тауып оқыту;
- мәтінді рөлге бөліп оқыту;
- мәтінге тақырып қою, оның мәнін түсіндіру.

Міне, осындай жұмыс түрлерін өткізе отырып, мәтіндермен жұмыс жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Есте болатын бір жағдай оқушылар сабақта жалығып кетпес үшін жаңа сөздерді жаттау, есте сақтау, тіл дамыту жұмыстарын үнемі түрлендіріп отыру міндет. Өтілген сөз, сөз тіркестерін, сөйлемдерді үнемі қайталап отырмаса, тез ұмытылады. Сондықтан жаңа сөздерді үй тапсырмасын тексергенде, суретпен жұмыс жүргізгенде, мәтін оқығанда, сұраққа жауап бергенде, яғни сабақтың барлық кезеңінде үнемі қайталап, еске түсіріп отырған жөн. Сабақты тиімді де құнды әдістермен өткізу және оны жүйелі де жоспарлы жүргізу сабақ элементтерінің толық қатысуына мүмкіндік береді. Қазіргі педтехнология талаптары оқушыға білім берудің ең тиімді, ұтымды жақтарын тандауды талап етеді және үнемі дамыту, жетілдіру, толықтыру сабақ сапасын арттырады. Оқушыны да, мұғалімді де шығармашылыққа жетелейді. Сөйтіп, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сондықтан да осындай әр түрлі тіл дамытуды грамматикамен байланыстыра оқытудың әдіс-тәсілдерімен жұмыс жүргізгенде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Сонымен «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді», - деп Әбу Насыр Әл Фараби айтқандай, тіл дамыту жұмыстарын грамматикамен байланыстыра оқытудың әсері мол. Тілді жақсы білу – толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын маңызды фактор.

Оқушылардың тілді үйрететін негізгі құралдарының біріне – жаттығулар жатады. Тәжірибелі мұғалімдер жаттығуларды күрделендіріп, кейде керісінше жеңілдендіріп, оқушының белгілі дәрежесіне сай, қажетіне қарай түрлендіріп, өзгертіп

пайдалануларына болады. Жоғарыдағы қарастырып отырған жаттығуларды екі топқа бөлуге болады: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулары. Тілдік жаттығулар тілдік нұсқалар туралы алғашқы білімді оқушыда бекітуге арналады. Қазіргі оқулықтардағы жаттығулардың көбі – осы тұрғыдағы жаттығулар. Ал бұл жаттығулар оқушыны ауызекі сөйлеу нормаларына сай сөйлеу дағдысын қалыптастырып қана қоймай, олардың жазбаша сауатты сөйлеу дағдысына да жақсы әсер берері сөзсіз. Тілді үйретудің алғашқы қадамы тілдік жаттығулар арқылы тілдік нұсқалардың мағынасын, қолданылуын үйретуден басталады. Негізінен тілдік жаттығуларға қойылатын талаптар тілдік нұсқаларға, материалдарға арналуы керек. Осыған орай сөйлемнің барлық мүшелерін сөйлемде қолдануға жаттықтыру, соңында сөйлемдерді біртіндеп қысқарту, біртіндеп толықтыру арқылы жазба тілді дамытудың маңызы зор. Айталық, «Ағам келді» деген қысқа сөйлемді бірте-бірте, кеңейту үлгісін беріп, оны кеңейтуге мұғалім оқушыға тапсырма береді. Үлгі: Ағам келді. Менің ағам келді. Менің ең үлкен ағам келді. Менің ең үлкен ағам біздің үйге келді. Менің ең үлкен ағам біздің жаңа үйге келді. Менің ең үлкен ағам біздің жаңа үйге сағат бесте келді. Сонымен бірге оқушыларға керсінше, осы соңғы сөйлемді беріп, оны бірте-бірте жоғарыдағыдай сөз қосудың орнына бір сөзден қысқарттырып үйретуге болады. Тапсырмалардың осылайша кең көлемде, ауқымды берілуі оқушылардың білім деңгейіне қарай міндетті деңгейде де, мүмкіндік деңгейде де жазу жұмыстарын жүргізуге тиімді екендігін көрсетеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесі өсіп, оның әрекет ету аясы кеңейді. Бұған басты себеп – қазақ тілінде білім беру кеңістігінің ұлғайып, сапалы білім берілуі деп білемін. Қорыта келгенде, тіліміздің мәртебесі – еліміздің мәртебесі, сондықтан сауатты, мемлекеттік тілді жетік білетін азамат тәрбиелеу біздің мақсатымыз. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, орыс тілді мектептердегі оқушылардың қазақша сөйлеу дағдылары қалыптасып, пәнге деген қызығушылықтары артады. Еліміз жыл сайын білімді, ақылды жасөспірімдермен толығып келеді. Ендеше, болашаққа деген сенімділік те бізде мол.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

3. «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журнал №1 (43), 2009ж.
4. Мұғалім журналы. №4, 2012 ж.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №11, 2013 ж.
6. С.Қирабай., С.Ч.Тұрсынғалиева. Қазақ әдебиеті.Әдістемелік нұсқау. «Арман-ПВ», 2011 ж.



**Исабекова Жұлдыз Абайәліқызы**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Арыстан» мамандандырылған лицейі

## **«ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰЛТ БОЛУДЫҢ КЕПІЛІ**

*Тіл – халық тарихы.*

*Тіл – цивилизация мен мәдениеттің даму жолы.*

*А.И.Куприн*

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны жария еткен болатын. Ал 2007 жылғы Жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынған еді.

Бұл Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тану идеясын көксейді. Үштұғырлы тілдерге: қазақ тілі–мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі жатады. Бұдан шығатын қорытынды: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Үштұғырлы тіл өмірлік сұраныстан туындаған қажеттілік болып отыр. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық мүмкіндіктерін дамытып отырған. Жалпы бүгінгі Еуропада да көп тілді меңгерушілік жалпыға ортақ норма болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан үшін үштұғырлы тіл елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы болмақ. Осылайша бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Өркениетке ұмытылған әрбір саналы қазақстандық азамат «Үштұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілге ешқандай зиян келтірмейтінін жақсы түсінеді. Президентіміз айтқандай, үш тілдің ішінде қазақ тіліне басымдық беріліп, қалған екі тіл сол ана тілімізге бағынышты күйде болады. Дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үштұғырлы тіл» саясаты елдің ертеңі үшін



керек нәрсе. Бұны елімізге қажетті, үштілді меңгерген, кез келген жерден ақпарат ала алатын, өз ісінің білгірі, бүкіл әлем бойынша коммуникацияға түсіп, жер бетінің кез келген нүктесінде қызмет ете алатын тұлға дайындаудың ең ұтымды жолы десек те болады.

Жалпы жан-жақты біліммен қаруланған шәкірт дайындау ісіндегі білім беру мәселесі әрдайым мемлекетіміздің басты назарында болып келеді. Осы орайда білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістікке ену, білім беруді демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда.

Тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың бірлігі - әр адамның жеке басы қасиеті мен қабілетінің де даралығын танытатыны белгі. Шетелдіктердің пайымдауынша, «Білім нәтижесі оқытудың белгіленген кезеңдерін аяқтағанда, оқушы нені біледі және нені істей алады?» деген сұрақтардың жауабымен анықталады. Осыдан келіп олар оқыту түбінде бір нақты күтілетін нәтижеге бағытталып жүргізілуі тиіс деген тұжырымды басшылыққа алады. Бүгінгі күні басқа елдермен тереземіз тең егемен ел болып отырғанда, Елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы кешенді мәселенің бірі – еліміздің ертеңі болатын ұрпаққа сапалы да, нәтижелі білім беру болып табылады. Сонымен қатар ғылым мен техника дамып, адамзат қиял жетпес қияндарға жол салып, өркениеті елдерден қалып қоймай, жас ұрпаққа білім беру саласын дүниежүзілік стандартқа сай жетілдіре түсу де елімізде өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан да қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқып-үйрену осы “Үштұғырлы тіл” идеясының тағы бір құрамдас бөлігін құрайды. Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Қазақстан – 135-тен астам халық бірлік пен татулықта өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Осы халық тілдерінің үйлесімде бірлесіп өмір сүруі - көпұлтты мемлекетке тән құбылыс. «Үштілділік» бағдарламасының негізінде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілідерін меңгеру көзделуде.

Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ал қалған өзге тілдер мемлекеттік тілдің ырықында болмақ. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді», - деген ескерту айтқан болатын.

Бүгінгі таңда «Үштұғырлы тіл» мемлекеттік тілді үйретуге де өте қолайлы болып отыр. Мысалы орыс тілі мен ағылшын тілін оқытатын мұғалімдер міндетті түрде қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді өте жақсы білуі тиіс, аталған сабақтар қазақ тілімен біріктіріліп ғана оқытылуы керек деп сараптаймын. «Үштұғырлы тілді» тек мәдениетаралық қатынас негізінде қарап, ақпарат алмасу, білім үйрену, тәжірибе жинау үшін қолданылады. Яғни, аталған тіл саясаты мемлекеттік тұрғыдан алға дамудың алғышарты іспеттес болмақ.

Сонымен қатар елімізде орыс тіліне ерекше назар салынып келеді. Өткен ғасырлардың тарих беттерінде біз орыс тілі арқылы Еуропаға есік ашқанымыз белгілі. Ұлт Көшбасшысы өз сөзінде: «**Орыс тілін білу** - біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар

бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз», – деп атап өтті.

Ал ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Нұрсұлтан Назарбаев жастарға үндеу салды. Мемлекет басшысы барлығын, әсіресе жас ұрпақ өкілдерін ағылшын тілін үйренуге шақырды. Президент дәл ағылшын тілінің әрбір қазақстандық үшін жаңа және шексіз мүмкіндіктерді ашатынына сенімді.

Жалпы өзге ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-білуге, үйренуге жағдай жасау арқылы әр тілдің өзіндік ерекшелігін білеміз, салт-дәстүрімен таныс боламыз.

Тілдердің функциясын арттыруға бағытталған бағдарламалардың қатарын «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» толықтырады. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу, ағылшын тілін меңгерту, орыс тілін жетік білу, әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау, тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу аталған бағдарламаның басты мақсаттарын танытады. Жобаның іске асу мерзімі 2011 жылдан 2020 жылға дейін үш кезеңнен құралған. Ал төмендегі болжамдар жобаның қорытындысын көрсетеді деп күтілуде. Соның нәтижесінде:

1. Мемлекеттік тілді меңгерген мектеп бітірушілер - 100%;
2. Мемлекеттік тілді меңгерген жалпы халық саны - 95%;
3. Мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу -100%;
4. Республикамыздағы орыс тілін меңгерген азаматтардың үлесі - 90%;
5. Ағылшын тілін меңгерген халық үлесі - 20%;
6. Өз тілдерін меңгерген өзге ұлт өкілдері - 30%;
7. Үш тілді жетік меңгергендер жалпы халықтың 20%-ын құрауы керек.

Мемлекетімізде қазақ тіліне көбірек мән беріліп отыр. Мемлекеттік тілді меңгеру – басты бағыт. Осы орайда 2020 жылға дейін мектеп бітіруші түлектеріміз 100% қазақ тілін меңгеруі керек деген талап қойылды. Оны жүзеге асыру - отбасы мен мектепке міндет. Отбасында бала әке-шеше тарапынан тәрбие мен тәлім алса, мектепте ғылым мен білімді бойына сіңіреді. Оларды үйлесімде қазақ тілінде меңгерту қажет. Сонда ғана қазақша сөйлейтін, яғни қазақша ойлайтын қоғам қалыптасады. Мұндай қоғамды қалыптастыруда білім жеру жүйесінің алатын орны ерекше.

Қазақстанда білім беру жүйесі 4 деңгейден тұрады: **«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту», «Орта білім», «Жоғары білім»** және **«Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім»**. Ол Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңымен бекітілген.

Баланы балабақша жасынан бастап қазақ тілінде сөйлеуге бағыттау керек. Осы арқылы біз 100% қазақ тілін меңгерген азаматтарды тәрбиелейміз.

Ал орыс тілі мен ағылшын тілі мектеп қабырғасында жас ерекшелігіне қарай оқытыла бастауы керек. Сонымен қатар, тек грамматикасын меңгертіп қана қоймай, мұғалімдер оқушылардың еркін сөйлеп, өзіндік пікірін білдіре алатын дәрежеде оқытылып шығуларына баса назар аударғаны жөн. Ағылшын тілі мен орыс тілін меңгерген азамат шет елде білім алып, ел экономикасымен, саяси ахуалымен, салт-дәстүрімен, болмысымен таныса алады. Оны еліміздің түрлі салаларында қолданып, жетістіктерге қол жеткізе алады. Тілді білудің ерекшелігі де осы болмақ.

Өзім қызмет жасайтын «Арыстан» мамандандырылған лицейінде аталған үш тілді оқытуға қатысты түрлі жұмыстар ұйымдастырылып жүр. Атап айтар болсақ, 2014 жылдың жазында бір айға 10 сынып лицейістерінен құралған құрама топ Ұлыбритания мемлекетінің Уортинг қаласындағы "GES" атты ағылшын тілін оқыту орталығы мектебінде ағылшын тілі бойынша өз білімдері мен тілдік тәжірибелерін жетілдіріп қайтты. Бұл халықаралық стандарттар талабына сәйкес келетін халықаралық ойлауға, лицейістерді дамыту мақсатындағы тіл тәжірибесін мәдениетке, әдебиетке апаратын жол ретінде қарастырылып, барлық тараптар үшін тиімді әдіс болып отыр. Кез-келген шараларды үш тілде бірдей қатар өткізу лицей үшін ешқандай қиындық тудырған емес. Аталған білім мекемесінде үш тілде бірдей қарым-қатынас жасау үрдісі жүргізілуде.

Осылайша лицейде тілді пән ретінде оқытудан басқа, өзге де шараларды орыс, ағылшын тілдерінде өткізу арқылы тілдердің үштұғырлығына қол жеткізу көзделген. Сонымен қатар, лицей кітапханасының үштілді ресурстармен қамтамасыз етілуі лицейістерге кез-келген мәтінді, шығарманы түпнұсқадан оқуға оңтайлы жағдай жасап, білімін ұштауға мол мүмкіндік туғызып келеді әрі шетел жазушысының шығармасындағы эстетикалық әсерді дәл сол қалпында сезінуге жол ашып отыр.

Көпұлтты Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда, еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз.

Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұтас қағидалар жиынтығы. Іс жүзінде тілдердің үштұғырлылығы идеясы бәсекеге қабілетті Қазақстанның ұлттық идеологиясының бір бөлшегі болып табылады. Яғни, мемлекет әрбір қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін әрдайым есте ұстауды қалайды.

Өз ойымды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының сөзімен аяқтағым келеді: «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар – еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары. Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген.

Алдымызғы қойылған жаңа белес – «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген мақсаттар, бәріміздің бірлесіп атқаратын жұмыстарымыз нәтижесінде толығымен орындалады деген сенімдемін».

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ақиқат. 2011жыл, №4. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл», ф.ғ.к. М.Салқынбаев.
2. Ақиқат. 2013жыл, №1. «Қазақстан–2050» стратегиясы–қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
4. Ақиқат. 2011жыл, №5. «Қазақтілін білу-әншейін бірұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі.

- 
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. Алматы. – «Дастан» баспасы, 2000 – 336бет.
  6. [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)



**Фот Луиза Владимировна**

доктор PhD,

преподаватель русского языка и литературы  
Специализированный лицей «Арыстан»

### **ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ НА ОСНОВЕ ПРИНЦИПА ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ**

В столь многонациональной стране как Казахстан верно избранный курс языковой политики, несомненно, является одним из важнейших условий консолидации казахстанского общества, сохранения благонадежных взаимоотношений между представителями разных национальностей, а также эффективным способом социальной модернизации. Не вызывает сомнений, что культурный проект «Триединство языков», поэтапно реализуемый в нашей стране с 2007 года, является закономерной и своевременной необходимостью. Именно с этого момента начался отсчёт новой языковой политики независимого Казахстана и была определена ближайшая перспектива развития языков. Актуализация внимания современного общества к языку, обусловлена тем, что «в период духовного возрождения народов и роста национального самосознания выработался такой подход к научным исследованиям в области языкознания, когда именно язык рассматривается, прежде всего, как форма духовности нации, а слово – как феномен, созданный человечеством в течение тысячелетий своего существования, как интеллектуальный императив и духовная квинтэссенция, которые определяют культурный уровень нации» [1, с. 77].

Современная языковая ситуация в республике демонстрирует комфортное софункционирование казахского и русского языков и повсеместную популярность английского языка. И если сосуществование русского и казахского языков в одном многонациональном государстве представляет собой исторически оправданный результат развития казахстанского общества, то популяризация английского языка на государственном уровне – требование современности. Таким образом, определяя статус и функциональную роль каждого языка из числа триединства, предусмотрено расширение сферы применения казахского языка как государственного, русского как языка межнационального общения, английского как языка мировой экономики.

Ситуация казахско-русского билингвизма (двуязычия, диглоссии) в Казахста-

---

не носит массовый характер, ведь даже изучение английского языка казахоязычными гражданами долгое время осуществлялось и продолжает реализовываться через язык-посредник – русский язык. Стремление к полиязычию на основе существующего монолингвизма и распространенного билингвизма накладывает своего рода ответственность на преподавателей казахского и русского языка за успешное изучение английского языка. Задача преподавателей русского и казахского языка заключается в создании благоприятных условий к пониманию иностранного (английского) языка с опорой на родной язык. Так как изучение иностранного языка является сложным процессом, требующим значительных интеллектуальных усилий, его освоение будет более эффективным, если новые знания будут основаны на сопоставлении с давно известными и понятными законами родного языка. С точки зрения лингвистов, сопоставительный (компаративный) метод является наиболее эффективным в усвоении иностранного языка, так как он «определенным образом опирается на прежний багаж знаний, формирует ассоциативные связи на основе типологического сходства явлений родного и иного языка, что облегчает понимание и запоминание грамматических правил» [2].

В свою очередь, задача учителя-языковеда, несмотря на специфику лексико-семантической и грамматической структуры иностранного языка, помочь обучаемому «провести мосты» между изучаемым и родным языком, что обеспечит непреременный успех в освоении неродного языка. Обзор сходных и специфических черт родного и иностранного языка основывается на методе эквивалентности/безэквивалентности. Так, например, наибольшее сходство между английским и казахским языками наблюдается на синтаксическом уровне, который предполагает строгий порядок слов в предложении, тогда как отсутствие строго порядка слов является в развиваемом языковом триединстве специфической чертой русского языка. Что же касается лексико-семантического уровня генетически не связанных между собой казахского, русского и английского языков, то его освоение должно непременно осуществляться в зеркале родной языковой культуры, ведь такое освоение иностранной лексики «обогащает и углубляет знание каждого из языков и позволяет приобщиться к духовному миру народов, творцов и носителей языка» [2].

Облик современной науки, с центре которой находится человек, определяется принципом текстоцентризма как одного из центральных принципов современной науки в целом. Провозглашая текст неотъемлемым объектом гуманитарных наук, М. Бахтин пишет: «Гуманитарные науки – науки о человеке в его специфике, а не о безгласной вещи и естественном явлении. Человек в его человеческой специфике всегда выражает себя (говорит), то есть создает текст (хотя бы и потенциальный). Там, где человек изучается вне текста и независимо от него, это уже не гуманитарные науки...» [3].

Необходимость обращения к тексту обусловлена «человекомерностью» современной науки, так, выступая объектом гуманитарных наук, текст обретает статус ключевого философского концепта. Ведущее место текста в рамках современной научной парадигмы объясняет М. Бахтин: «Текст (письменный и устный) как первичная данность всех этих (*лингвистических, филологических, литературоведческих* – Л.Ф.) дисциплин и вообще всего гуманитарно-филологического мышления <...>. Текст является той непосредственной действительностью (действительностью мысли и пере-

живаний), из которой только и могут исходить эти дисциплины и это мышление. Где нет текста, там нет и объекта для исследования и мышления» [3]. Текст создается человеком (автором-создателем) и для человека (читателя-адресата), поэтому в тексте заключается картина мира человека, сформированная посредством движения человеческой мысли, его осмысления и восприятия образа мира, представленная с помощью языковых средств. Именно поэтому «все языковые реалии приобретают истинный смысл только в тексте. Без указания на то, как та или иная языковая единица или категория участвует в создании определенного типа текста, представление о языке будет неполным» [4, с. 73].

Вышесказанное подтверждает необходимость изучения любого иностранного языка посредством текста, что позволит ввести обучаемого в культурный и лингвистический контекст изучаемого языка и познать мир носителей иной культуры во всем его многообразии. Именно текст формирует целостное восприятие лингвистических, историко-культурных, литературных процессов, философских размышлений, способствует решению языковых теоретических вопросов посредством текстового пространства.

Технология введения изучаемого понятия (концепта) в текст зависит от цели педагога и языкового уровня обучаемого. Так, например, изучение нового иностранного слова с начинающими учениками может подразумевать его соотнесение с эквивалентом в родном языке. Если при этом используются еще и визуальные эквиваленты, то освоение нового понятия, непременно, будет успешным:

**Кокошник** – русский, национальный, женский головной убор.



**Сәукеле** – қазақтың ұлттық әйелдің бас киімі.



